

Қазақ тілі мен әдебиет пәніне арналған Емтихан бұрышы.

11 сынып

Емтиханға қалай дайындаламыз?


Емтихан латын тілінен енген, «сынау, байқау» деген мағына береді. Алғаш рет орта ғасырларда Еуропа университеттерінде қолданылған. Мәскеуде 1703 жылы мектепте өткізілді. Қазақстанда емтихан қабылдау алғаш рет Алтынсарин мектептерінде жылына 2 рет қабылданды. 1966-1967 оқу жылынан бері мектептерде сыныптан сыныпқа көшіру емтихандары өткізілетін болды.

Емтиханға дайындалу үшін:

- Ең алдымен дайындалатын ыңғайлы жер даярла
- Бөлме интерьеріне сары мен күлгін түстерді енгізуге болады, себебі бұл түстер интеллектуалды белсенділікті арттырады. Бұл үшін осы түсті бір суретті іліп қою жеткілікті.
- «Уақытты босқа өткізбе» ережесін үнемі есте ұста.
- Дайындыққа бөлінген уақытты дұрыс пайдалануға тырыс.
- Дайындық жоспарыңды жаса.
- Дайындық пен демалысты кезектестіріп тұр, мысалы, 40 минут дайындық, 10 минут үзіліс.
- Барлық уақытта, әсіресе емтиханға дайындық уақытыңда өз денсаулығыңды күт. Бұл уақытта уақытылы және дәруменді тамақтармен тамақтану қажет.
- Ішкі қобалжуларды, шаршағандықты басатын күнделікті жаттығуларды жасауды ұмытпа.

«Келісілді»

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
Мектепке дейінгі және орта білім
комитетінің төрағасы

 М. Мелдебекова
«___» _____ 2021 ж.

«Бекітемін»

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
«Ұлттық тестілеу орталығы»
РМҚН директоры

 Д. Смагулов
«___» _____ 2021 ж.

**Қазақ тілі (оқыту қазақ тілінде емес) пәні бойынша мектеп бітірушілерді
қорытынды аттестаттауға арналған тест спецификациясы
(2021 жылдан бастап қолдану үшін)**

Тест спецификациясы келесі құжаттардың негізінде әзірленген:

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты»;

– ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген (ҚР БҒМ 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) «Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты»;

– ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім деңгейінің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары (5-9 сынып);

– ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі №352 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптары үшін (орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары аясында) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламалары.

– ҚР БҒМ 2019 жылғы 7 наурыздағы №105 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптары үшін (орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары аясында) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламалары.

Тестті әзірлеу мақсаты: Қазақ тілі (оқыту қазақ тілінде емес) пәні бойынша қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы негізгі орта және жалпы орта білім беру оқу бағдарламаларын меңгеру дәрежесін анықтау.

Тест мазмұны: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: бірінші деңгейде – 5, екінші деңгейде – 6, үшінші деңгейде – 7 тапсырма.

Кешенді тест мектеп бітірушінің коммуникативті-тілдік құзіреттілігінің қалыптасу деңгейлерін анықтайды. Тест екі бөліктен тұрады:

I блок – Тыңдалым

Бұл бөлімде тыңдауға 2 мәтін және әр мәтінге 5 тест тапсырмасы беріледі. Тыңдалымға ұсынылған материал 2 минуттық үзілісті сақтай отырып, 2 қайтара жазылған. Әр мәтінді тыңдап болған соң, оған арналған тест тапсырмаларын орындауға уақыт беріледі. Екі мәтін арасындағы үзіліс – 5 минут.

Мектеп бітірушілердің қазақ тілінде мәтінді ауқымды және түбегейлі түсінуі фондық қабылдау үрдісінде тілдік, әлеуметтік-мәдени, компенсаторлық, оқу-танымдық құзіреттілігі қамтылған тілдік материалдар негізінде тексеріледі.

II блок – Оқылым

Бұл бөлімде оқуға 2 мәтін ұсынылады. Бірінші мәтінге 5 тест тапсырмасы беріледі. Оның ішінде 3 тест тапсырмасы мәтін мазмұнына, 2 тапсырма тілдік бағдарға құрылады.

Екінші мәтін бойынша ашық формадағы қысқаша немесе толық жауапты қажет ететін 3 тест тапсырмасы беріледі. Сол арқылы білім алушының «Жазылым» дағдысы тексеріледі.